

"ҚАЗАҚСТАН ҚОР БИРЖАСЫ"

БАСПАСӨЗ МӘЛІМДЕМЕСІ

Алматы қ.

11 қазан 2016 жыл

"Қазақстан қор биржасы" АҚ (KASE) 2016 жылдың 9 айындағы қызметінің нәтижелері туралы ақпараттандырады.

- KASE нарығының **сауда-саттық көлемі 73,2 трлн теңгені** құрап, былтырғы жылдың ұқсас кезеңімен салыстырғанда, 10 %-ға өсті.
- Репо операциялары нарығындағы сауда-саттық көлемі үш есеге артып, **44,8 трлн теңгеге** жетті.
- **Акциялар нарығының капитализациясы** 7,1 % өсіп, 01 қазандағы жағдай бойынша **13,3 трлн теңгені құрады**, бұл ЖІӨ арақатынасы 33 % құрады
- Жыл басынан бастап **KASE Индексі 38,7 %**, жылдық көрсетілімде 51,5 % **өсті**.
- KASE айналысына **100 эмитенттің 119 атаудағы акциялары жіберілді**, бұл тарихи максималды мән болып табылады.
- Орталық депозитарийдегі жеке тұлғалардың ашқан жеке шоттардың саны жаңа максимумға жетті – **104 447**.
- Шілде айында KASE **Ақтөбе металлды конструкциялар зауытының IPO**сын өткізіп, эмитент негізінен бөлшек инвесторларға **800 млн теңге** сомасына өз акцияларын сатты.

Биржалық нарықтың негізгі көрсеткіштері

2016 жылдың тоғыз айының қорытындысы бойынша биржалық сауда-саттықтың көлемі **73,2 трлн теңгені құрады**, бұл былтырғы нәтижеден (66,5 трлн теңге) 6,7 трлн теңгеге немесе 10,0 % артық. Бұл өсім көбінде репо нарығының есебінен болып отыр, ондағы көлем үш есе артты.

Акциялар нарығы.

Акциялар нарығының капитализациясы жыл басынан бастап 940,4 млрд теңгеге немесе 7,1 % өсіп 13,3 трлн теңгеге (39,8 млрд АҚШ доллары) жетті, бұл ЖІӨ 33 % құрайды. Тоғыз айдың нәтижесі бойынша акциялардың сауда-саттық көлемі 132,8 млрд теңгені (баламасы 391,9 млн АҚШ доллары) құрап, KMGZ мәмілесін есептемегенде, 5,9 % өсті.

2016 жылдың шілде айында Биржада IPO шегінде "Ақтөбе металлды конструкциялар зауыты" АҚ өзінің жай акцияларын 800 млн теңгеге орналастырды. Бір акцияның бағасы 11 177 теңге құрады. 01 қазандағы жағдай бойынша акциялардың құны 43,2 % өсіп, бір акцияға 16 000,1 теңгеге жетті. Орналастыру сәтінен бастап кірістілігі жылдық 209,7 % болды.

2016 жылдың тоғыз айындағы KASE Индексі 332,5 нүктеге немесе 39 %, немесе жылдық 51,5 % өсіп, инвесторлардың теңгелік қаржы құралдарына қызығушылығын растайды.

KASE Индексінің акциялары бағаларының 2016 жылдағы өзгеруі

Эмитенттің атауы	01.10.16 бағасы	Жыл басынан тренді, %
KAZ Minerals PLC	937,1	+99,4
"KEGOC" АҚ	1085,0	+48,6
"ҚазТрансОйл" АҚ	1 078,0	+45,7
"Қазақтелеком" АҚ	12 400,0	+33,6
"Қазақстан Халық жинақ банкі" АҚ	52,7	+27,9
"Банк ЦентрКредит" АҚ	151,0	+14,8
"ҚазМұнайГаз" Барлау Өндіру" АҚ	15 332,0	+13,2
"Кселл" АҚ	1 100	-7,6

Қыркүйек айында, акциялары биржада айналысқа жіберілген, листингілік компаниялардың тарихи максимумына жетіп, 119 акциялар және 100 эмитент болды. Есептік кезеңде KASE ресми тізіміне он төрт атаудағы акциялар енгізілді, олардың эмитенттері: "Scipio" АҚ, "AsiaCredit Bank" АҚ, "KM GOLD" АҚ, "Ақтөбе металлды конструкциялар зауыты" АҚ, "Теміртау электрометаллургиялық комбинаты" АҚ, "Қаражыра" АҚ, "Altyntau Kokshetau" АҚ және жеті ресейлік компаниялар демеушіліксіз листинг арқылы: "Банк ВТБ" КАҚ, "Уралкалий" КАҚ, "Сбербанк России" КАҚ, "Ростелеком" КАҚ, "Магнит" КАҚ, "Газпром" КАҚ, "Аэрофлот – российские авиалинии" КАҚ.

2016 жылдың 01 қазанында Бағалы қағаздардың орталық депозитарийінің есепке алу жүйесінде тарихи максимум тіркеліп, жеке тұлғалардың атына ашылған шоттардың саны – 104 447 жетті. Бұл көрсеткіш жыл басынан 3% ұлғайып, ОД ай сайын орта есеппен 435 жаңа шот ашылып отырған.

Корпоративтік облигациялар нарығы.

2016 жылдың тоғыз айында корпоративтік облигациялардың биржалық саудасаттығының көлемі 381,5 млрд теңгені құрап, 2015 жылдың тиісті кезеңімен салыстырғанда 54,6 % төмендеді.

KASE сауда-саттық тізімдеріне 70 эмитенттің 270 қаржы қшралы енгізілген. 2016 жылдың тоғыз айында "Фридом Финанс" АҚ, "Қазақстан темір жолы" Ұлттық компаниясы" АҚ, "ForteBank" АҚ, "Қазақстанның Даму Банкі" АҚ, "Банк ВТБ" ЕБ АҚ, "Қазинвестбанк" АҚ, "Qazaq Banki" АҚ, "KEGOC" АҚ, "Magnum Cash&Carry" АҚ, "Bank RBK" банкі" АҚ, "Бузгул Аурум" ЖШС, "ARLAN WAGONS" ЖШС, "Алатау Жарық Компаниясы" АҚ, "ПАВЛОДАРЭНЕРГО" АҚ, "Altyn Bank" АҚ, "Фридом Финанс" АҚ 22 облигациясы листинг процедурасынан өтті.

Корпоративтік облигациялар нарығындағы белсенділіктің төмендеуі қорға айналдырудың қымбаттауымен байланысты. "Қазақстан темір жол" Ұлттық компаниясы" АҚ және "KEGOC" АҚ сияқты мемлекеттік сыңайлы ірі компаниялар өз облигацияларын осы жылы тиісінше жылдық 16,9 % және жылдық 18,6 % орналастырған. Банктер үшін мұндай қаржыландыру қымбат болып саналады, ал 2015 жылы дәл банктер корпоративтік облигациялардың негізгі көлемдерін орналастырған болатын.

МБҚ нарығы. Тоғыз айдағы орналастыру көлемдері 218,2 млрд теңгені құрады, оның 180,0 млрд – Қаржы министрлігінің ұзақ мерзімді жинақ қазынашылық міндеттемелері, 38,2 млрд – жергілікті атқарушы органдардың облигацияларын орналастыру (олар тұрғын үй құрылысын қаржыландырудың мемлекеттік бағдарламасы шегінде

орналастырылған). МБҚ бастапқы нарығына Ұлттық Банктің ноталарын кері сатып алу аз ғана үлесін қосты.

МБҚ қайталама нарығындағы белсенділік едәуір өсті. Қайталама нарығындағы сауда-саттық көлемі 2016 жылы 7,0 млрд теңгеден (2015 жылдың 9 айында) 197,5 млрд теңгеге дейін өсті. Ұлттық Банктің қысқа мерзімді ноталарының еншісіндегі сауда-саттықтың жиынтық көлемі, 195,6 млрд теңгені немесе МБҚ қайталама нарығының айналымының 99,0 % құрады.

Шетел валюталарының нарығы. Валюталық нарықтағы сауда-саттықтың жиынтық көлемі 27,3 трлн теңгені құрап, 2015 жылдың осы кезеңдегі көрсеткішімен салыстырғанда 22,1 трлн теңгеге немесе 44,7 % төмендеді, оның себебі своп-нарықтағы АҚШ долларымен сауда-саттық көлемдері елеулі (-21,9 трлн теңге немесе 53,0 %), сондай-ақ спот-нарықтағы (-242,8 млрд теңге немесе 3,0 %) азайуы болып табылады.

Былтырғы жылмен салыстырғанда спот-нарығының жағымды тенденциялары, сондай-ақ Ұлттық Банктің ақша-несиелік саясатының имплементациясы нәтижесінде, бір күндік валюталық своптар бойынша мөлшерлемелер 01 қаңтардағы жағдай бойынша жылдық 79,6 %-дан, қыркүйектің соңында жылдық 12,7 % төмендеді.

Репо операцияларының нарығы. Тоғыз айдағы репо операциялары нарығындағы сауда-саттық көлемі былтырғы жылдың ұқсас кезеңімен салыстырғанда 30,0 трлн теңгеге немесе үш есе өсіп, 44,9 трлн теңгені құрады. 2015 жылда және 2016 жылдың қаңтар айында байқалған, теңгелік өтімділіктің дефициті, теңгенің нығаюына байланысты профицитке ауысты.

Өзекті жобалар мен іс-шаралар

T+2 сызбасы бойынша саудаланатын бағалы қағаздардың тізімі кеңейіп, солардың қатарына "Банк ЦентрКредит" АҚ, "Қазақстан Халық жинақ банкі" АҚ, "Қазақтелеком" АҚ, "ҚазМұнайГаз" Барлдау Өндіру" АҚ (жай және артықшылықты акциялары), "ҚазТрансОйл" АҚ, "Кселл" АҚ, "KEGOC" АҚ, KAZ Minerals PLC, "БАСТ" АҚ, Bank of America Corporation, "Казкоммерцбанк" АҚ акциялары қосылды .

2016 жылдың 31 тамызында KASE Директорлар кеңесімен 2016-2018 жылдарға арналған Даму стратегиясы мақұлданды.

05 қыркүйектен бастап KASE ресми тізімінде "Коммерциялық облигациялар" секторы құрылды, бұл сектордың мақсаты айналыс мерзімі 12 айдан аспайтын облигацияларды шығару және KASE орналастыру арқылы, листингтік компаниялар қысқа мерзімді қаржыландыруды тез тарту мүмкіншілігі болып табылады.

Анықтама үшін

"Қазақстан қор биржасы" АҚ (KASE) Орталық-Азия өңіріндегі жетекші және өз қызметін Қазақстанның қаржылық нарығында жүзеге асыратын жалғыз қор биржасы болып табылады. Бұл репо нарығының құралдары, мемлекеттік және корпоративтік бағалы қағаздардың, халықаралық қаржы институттарының облигацияларының, сондай-ақ туынды қаржы құралдарының әмбебап сауда-саттық алаңы.

KASE Дүниежүзілік биржалар федерациясының (WFE), Еуро-Азиялық қор биржалардың федерациясының (FEAS) және басқа да халықаралық отандық кәсіби бірлестіктердің мүшесі болып табылады. 2015 жылы KASE БҰҰ "Қор биржалар тұрақты даму үшін" бастамасына қосылды. KASE ТМД биржаларының арасында бағалы қағаздардың сауда-саттық көлемі бойынша 2-ші орынға иеленіп, FEAS биржаларының акциялар нарығының капитализациясы бойынша топ-5 кіреді

Қосымша ақпарат: +7 (727) 237 5342, pr@kase.kz